

қабылданған осы Заңда және техникалық регламенттерде белгіленген, қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейді деп танылған машиналар немесе жабдықтар;

7) машиналардың және жабдықтардың сәйкестік туралы декларация - өндіруші айналымға шығарылатын машиналар мен жабдықтардың белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

8) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі - адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтірумен байланысты рұқсат етілмейтін қауіп-қатердің жоқтығы;

9) машиналар мен жабдықтардың өмірлік кезеңі - жобалау, өндіру, өткізу, сақтау, тасымалдау, пайдалану (оның ішінде жөндеу, техникалық және сервистік қызмет көрсету), кәдеге жарату және жою процестері;

10) машина - энергияны, материалдарды және ақпаратты түрлендіруге арналған, кешенді біреуі қозғалатын өзара байланысты компоненттерден тұратын техникалық құрылғы немесе құрылғылар жиынтығы;

11) машиналардың және (немесе) жабдықтардың жобалаушысы - машиналар және (немесе) жабдықтарға пайдалану жөніндегі жобалық құжаттаманы және нұсқаулықты әзірлейтін заңды немесе жеке тұлға;

12) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігіне жауапты субъектілер - машиналар және (немесе) жабдықтарды жобалаушы, өндіруші, уәкілетті өкіл, импорттаушы персонал (операторлар);

13) өндіруші - машиналарды және (немесе) жабдықты өндіретін, машиналар қалпына келтіретін (жөндейтін) немесе елеулі түрде өзгертетін (жаңғыртатын) және тарататын заңды немесе жеке тұлға;

14) пайдаланушы - машиналарды және (немесе) жабдықтарды пайдалануды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға;

15) персонал (операторлар) - машиналар мен жабдықтарды іске қосумен, реттеумен, ағымдық қызмет көрсетумен, тазартумен, жөндеумен, сақтаумен немесе тасымалдаумен айналысатын тұлға;

16) сәйкестік белгісі - машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімінен машиналардың және (немесе) жабдықтардың өткені туралы сатып алушыға хабарлау қызметін атқаратын белгісі;

17) машиналардың және жабдықтардың сәйкестігін растау - машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда немесе шарттардың жағдайларында белгіленген талаптарға машиналардың және (немесе) жабдықтардың сәйкестігін құжаттық куәландыру болып табылатын (сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты түріндегі) рәсім;

18) уәкілетті орган - берілген өкілдіктер шегінде салалық бағыттылыққа сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге де мемлекеттік органдардың қызметіне басшылық етуді және үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган ;

19) уәкілетті өкіл - оның атынан сауданы жүргізуге (жүзеге асыруға) рұқсат ететін, өндірушіден алған жазбаша өкілеттігі бар заңды немесе жеке тұлға;

20) шекті жай-күй - олардың одан әрі пайдаланылуын не олардың жұмыс қабілеті жай-күйін қалпына келтіру мүмкін емес немесе орынды емес машиналар мен жабдықтардың жай - күйі ;

21) жол берілмейтін қауіп-қатер - адамның денсаулығы мен өмірі, қоршаған ортаны қорғау үшін машиналар мен жабдықтардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қауіпсіздік деңгейінен асатын қауіп-қатер.

2-бап. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан, техникалық регламенттерден және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

1. Осы Заң адамның өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, тұтынушылардың мүдделерін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін машиналар мен жабдықтарға, олардың өмірлік кезеңі процестеріне қажетті ең төменгі талаптарды айқындау, белгілеу, қолдану және орындау жөніндегі қатынастарды реттейді.

2. Осы Заңның техникалық реттеу объектілеріне Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін машиналар мен жабдықтар, сондай-ақ оларды жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, өткізу, кәдеге жарату және жою процестері жатады.

3. Осы Заңның күші оларға Қазақстан Республикасының арнайы заңнамалық актілерінде арнайы талаптар машиналар мен жабдықтарға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының арнайы заңнамалық актілерімен реттелмеген бөлігіндегі мұндай машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі осы Заңның нормаларымен реттеледі.

4. Осы Заңда және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мен жабдықтарды өндіру, өткізу, сақтау, тасымалдау, пайдалану (оның

ішінде, жөндеу, техникалық және сервистік қызмет көрсету) процестеріне рұқсат етілмейді.

5. Осы Заңның, машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін, көрмелер мен таныстыруларда көрсетуге арналмаған машиналар мен жабдықтарды сатуға рұқсат етілмейді.

Мұндай таныстырулар мен көрмелер барысында адамдардың денсаулығы мен өмірін және қоршаған ортаны қорғауға арналған қажетті шаралар қабылдануы тиіс.

4-бап. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдардың мемлекеттік жүйесі

1. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдардың мемлекеттік жүйесі мыналарды құрайды:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) индустрия және сауда саласындағы уәкілетті орган;
- 3) төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган;
- 4) ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган;
- 5) энергетика және минералдық ресурстар саласындағы уәкілетті орган;
- 6) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган.

Осы баптың бірінші бабында көрсетілген уәкілетті органдар салалық бағытқа сәйкес машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеуді іске асырады.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы құзыретіне:

- 1) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу;
- 2) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;
- 3) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіру.

6-бап. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін уәкілетті органдардың құзіреті

1. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар құзіретіне мыналар:

- 1) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық регламенттерді келісу және әзірлеу;

3) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сәйкестігін растау бойынша Қазақстан Республикасын өңірлік және халықаралық ұйымдарға т а н ы с т ы р у ;

4) өз құзіреті шегінде осы Заңмен және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды іске асыру;

5) машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту немесе келісу;

6) машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігі саласындағы және олардың іске асырылуына жол бермеу бойынша шараларды дайындау, техникалық регламенттерді және осы заңның талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мен жабдықтарды айқындау мақсатында мониторингтік тұтыну нарығын іске асыру;

7) осы заңда және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мен жабдықтарды өткізуге және (немесе) өндіруге, нарықтан алып қоюға тиым салу туралы нұсқама қабылдау.

7-бап. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігіне жауапты субъектілердің құқықтары мен міндеттері

1. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігіне жауапты субъектілер:

1) машиналар мен жабдықтардың осы Заңның және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес еместігі туралы шынайы ақпаратты уақтылы алуға;

2) уәкілетті органдарға машиналар мен жабдықтардың осы Заңда және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес еместігі туралы өтінішпен жүгінуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, техникалық регламенттерді әзірлеуге қатысуға;

4) Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының міндетті талаптарына сәйкес келетін ұйымдардың стандарттарын әзірлеуге және бекітуге;

5) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігіне өндірістік бақылау бағдарламасын әзірлеуге ;

6) машиналар мен жабдықтардың сапасы мен қауіпсіздігі менеджментінің жүйесін енгізуге қ ұ қ ы л ы .

2. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігіне жауапты субъектілер:

1) Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

2) машиналар мен жабдықтарды тұтынушы мүмкін болатын қатерлерді бағалауы және олардың тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдауы үшін қажетті мемлекеттік және

орыс тілдеріндегі пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен және басқа да қажетті ақпаратпен
қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

3) тұтынушыларға, сондай-ақ машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін уәкілетті органдарда олардың талаптары бойынша машиналар мен жабдықтардың куәландырылған құжаттарын беруге;

4) оларды өндіру, өткізу, пайдалану, тасымалдау және кәдеге жарату процесінде машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз етуге;

5) машиналар мен жабдықтарды өткізудің, сақтаудың, тасымалдаудың, пайдаланудың, кәдеге жаратудың және жоюдың барлық сатыларында машиналар мен жабдықтарды сәйкестендіру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

6) машиналар мен жабдықтардың осы Заңда және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптарына сәйкес еместігі туралы тұтынушылардың шағымдарына тексеруді жүзеге асыруға;

7) уәкілетті органдарға пайдалану, тасымалдау, сақтау, кәдеге жарату және жою процестерінде олардың қауіпті сипаттарға ие болуына алып келген таратылған машиналар мен жабдықтардың осы Заңда және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарының бұзылғаны туралы және олар қабылдаған шаралар туралы дереу хабарлауға;

8) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін уәкілетті органдармен олар шығарған немесе өткізген машиналармен және жабдықтармен байланысты қауіп-қатерлердің алдын алу немесе азайту мәселелері бойынша
ы н т ы м а қ т а с у ғ а ;

9) пайдаланушыға (қолданушыға) уақтылы және тиімді ескертуді, сондай-ақ олардың осы Заңда және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес еместігі және адамдардың өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіп төндірген жағдайда машиналар мен жабдықтарды кері қайтарып алуға дейін қажетті іс-шараларды қабылдауды қамтамасыз
е т у г е ;

10) егер, олардың қауіпті сипаттарға ие болуына алып келген тәртіп бұзуларға жол берілсе, машиналар мен жабдықтарды өндіру, өткізу және кәдеге жарату процестерін дереу тоқтатуға, оларды сатып алушылардан (тұтынушылардан) кері қайтарып алуды қамтамасыз етуге және сараптама жүргізуге, одан кейін оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға немесе қажет болған кезде оларды кәдеге жаратуды немесе жоюды ұйымдастыруға міндетті.

8-бап. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау

1. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және өз құзіреті шегінде уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жоспар және жоспардан тыс түрінде тексеріледі.

3. Жоспарлы тексеру жылына бір реттен жиі өткізілмейді.

4. Жоспардан тыс тексеру:

1) машиналар мен жабдықтардың осы Заңда және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес еместігі туралы;

2) адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру фактілері туралы ақпаратты машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органның алуы жағдайында жүргізіледі.

5. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы тексеру екі кезеңде жүргізіледі:

1) құжаттық тексеру;

2) қауіп-қатерлерді бағалауды тексеру.

5. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы құжаттық тексеру мына:

1) тұтынушы үшін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы ақпараттың шынайылығын және осы Заңның, машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін тексеру;

2) қауіпсіздік паспортында және сәйкестікті растау саласындағы құжатта бар ақпараттың орамадағы ақпаратпен сәйкестігін тексеру жолымен жүзеге асырылады.

Машиналар мен жабдықтардың жекелеген түрлері үшін қауіпсіздік паспорттарының мазмұны машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленеді.

7. Қауіп-қатерлерді бағалауды тексеру кезінде уәкілетті орган сынақтар (зерттеулер) жүргізу үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген сынақ зертханасына (орталығына) машиналар мен жабдықтарды немесе олардың жекелеген бөлшектерін жібереді.

8. Қауіп-қатерлерді бағалау бағдарламасын машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін уәкілетті орган әзірлейді.

9. Уәкілетті органдардың лауазымды адамдары мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі іс-шараларды жүргізген кезде өздерінің қызметтік міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда және құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Уәкілетті органдар құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жеке және (немесе) заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына кінәлі, мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қатысты қабылданған шаралар туралы бір ай ішінде хабарлауға міндетті.

2-тарау. Машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігінің талаптары

9-бап. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жалпы талаптар

1. Осы Заңның іс-әрекеті қолданылатын машиналар мен жабдықтар осы Заңда және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген азаматтардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ең төменгі қажетті талаптарға сәйкес болуы тиіс.

2. Машиналар мен жабдықтар бірнеше техникалық регламенттерге тәуелді болған жағдайларда, мұндай машиналар мен жабдықтар үшін олар тәуелді болатын барлық техникалық регламенттердің талаптары орындалуы қажет.

3. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі:

1) Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау;

2) машиналар мен жабдықтардың Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін растау;

3) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеу шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

4. Машиналар мен жабдықтардың өмірлік кезеңінің барлық сатыларында осы Заңда және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздіктің барлық талаптарынан орындалуын бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

5. Егер машиналар мен жабдықтардың өмірлік кезеңінің әрбір сатысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін кешенді сынақтар жүргізу қажет болса, онда олар жобалық құжаттаманың барлық талаптары орындала отырып, толық көлемде жүргізілуі тиіс.

6. Машиналар мен жабдықтардың өмірлік кезеңінің барлық сатыларында жобалау құжаттамасында көзделген машиналар мен жабдықтарды қауіпсіз пайдаланудың шарттарынан ауытқулар жобалаушымен немесе машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы тиісті мемлекеттік органдармен келісілуі тиіс.

10-бап. Машиналар мен жабдықтарды жобалау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Машиналар мен жабдықтарды жобалау кезінде жобалаушы машиналардың немесе жабдықтардың жобаларын осы Заңның және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілуі қажет.

2. Машиналар мен жабдықтарды жобалау кезінде жобалаушы өмірлік кезеңнің барлық сатыларында, оның ішінде қалыпты пайдалану, төтенше жағдайларда (жұмыс істемеу және сыртқы әсерлер), персоналдың болжалатын қателері мен жол берілмейтін пайдалану кезінде барлық мүмкін болатын қауіптерді сәйкестендіруі тиіс.

3. Барлық сәйкестендірілген қауіптер үшін қауіп-қатерлер есеп айырысу, эксперименталдық, сараптамалық жолымен бағалануы тиіс.

4. Жобалау кезінде машиналар мен жабдықтардың әрбір түрлері үшін қатерлерге жүргізілген бағалауды ескере отырып, жоюға немесе машиналар мен жабдықтардың өмірлік кезеңінің барлық кезеңдерінде рұқсат етілетін (оңтайлы) деңгейге дейін азайтуға (төмендетуге) арналған шаралардың барлық кешені айқындалуы тиіс.

5. Қауіп-қатерлерді конструкцияны өзгерту жолымен рұқсат етілетін деңгейден төмен азайту мүмкін болмаған кезде пайдалану жөніндегі нұсқаулықта жобалаушы машиналар немесе жабдықтар, қосымша қорғау шаралары енетін жобаны қабылдау қажеттігі туралы тиісті ақпарат берілуі тиіс.

6. Машиналар мен жабдықтарды жобалау кезінде жобалау құжаттамасы әзірленуі тиіс.

Жобалау құжаттамасы жобаның техникалық сипаттамасын, машиналардың, жабдықтар мен басқару тетіктерінің егжей-тегжейлі чертежін, машиналар мен жабдықтардың пайдалану сипаттамаларын, пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және басқа да қажетті құжаттарды қамтиды.

11-бап. Машиналар мен жабдықтарды шығару кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Өндіру кезінде машиналар мен жабдықтарды дайындау процесінің жобалау құжаттамасының, осы Заңның және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

2. Машиналар мен жабдықтарды өндіру кезінде өндіруші жобалау құжаттамасында айқындалған қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық шаралар кешенін орындауға міндетті.

3. Өндіруші кәсіпорында технологиялық процестердің, бақылау жүйесінің, кәсіпорында қолданылатын сапа менеджменті жүйесінің қабылданған барлық кешенін ескере отырып, жобалау құжаттамасында көзделген машиналар мен жабдықтардың талаптарын қамтамасыз етуге талдау жүргізуі тиіс.

4. Өндіру кезінде қауіпсіздік байланысты болатын барлық технологиялық операциялардың орындалуын бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

5. Машиналар мен жабдықтар шығару кезінде пайдалану жөніндегі нұсқаулық әзірленуі тиіс.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық мыналарды:

- 1) монтаждау және жинау, іске қосу немесе реттеу жөніндегі нұсқауларды;
- 2) машиналарды немесе жабдықтарды штаттық пайдалану және пайдалану (пайдалануға беруді, тікелей мақсаты бойынша пайдалануды, техникалық қызмет көрсету, жөндеудің барлық түрлерін, зиянды өндірістік факторлардың қарқынын азайтуға және жоюға бағытталған қорғану құралдарын, тасымалдауды және сақтауды қоса алғанда) кезінде сақталынуы қажет қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі

шаралар жөніндегі нұсқауларды;

3) қызмет мерзімінің тағайындалған көрсеткіштерін және (немесе) тағайындалған р е с у р с ы н ;

4) сындарлы жұмыс істемеудің, персоналдың тосын оқиғаға (апатқа) және көрсетілген қателердің болдырмайтын іс-қимылдарға алып келетін мүмкін болатын қ а т е л е р і н і ң т і з б е с і н ;

5) шекті жай-күйлердің өлшемдерін;

6) пайдалану, кәдеге жарату және жоюдан шығару жөніндегі нұсқауларды;

7) персоналға талапты қамтуы тиіс.

6. Барлық машиналар мен жабдықтарда мына ақпаратты қамтитын нақты және өшірілмейтін таңбасы болуы тиіс:

1) дайындаушының атауы және (немесе) оның тауарлық белгісі;

2) машиналар және (немесе) жабдықтардың сериясы немесе типі, нөмірі белгіленген а т а у ы ;

3) тағайындаудың негізгі көрсеткіштері мен қолдану шарттары;

4) дайындалған күні.

Таңбалаудың барлық белгілері пайдалану жөніндегі нұсқаулықта түсіндірілуі тиіс.

7. Машиналар мен жабдықтардың қажетті ескерту жазбалары немесе қауіптер туралы белгілері болуы тиіс.

8. Машиналар мен жабдықтарды орау және консервациялау үшін қолданылатын материалдар мен заттар машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

9. Машиналар мен жабдықтардың жекелеген түрлері үшін техникалық құжаттаманың мазмұнын машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттер белгілейді.

12-бап. Машиналар мен жабдықтарды тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Машиналар мен жабдықтарды тасымалдау және сақтау Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарына сәйкес олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге а с ы р ы л у ы т и і с .

2. Машиналар мен жабдықтарды, олардың тораптары мен бөлшектерін тасымалдауды, сақтауды жүзеге асыратын адамдар жобалаушы көздеген, технологиялық процестердің қабылданған қауіпсіздік жөніндегі барлық талаптары және тасымалдау мен сақтау кезіндегі шарттарды ескере отырып, қауіп-қатерге бағалау ж ү р г і з у і т и і с .

3. Оларды тасымалдау және сақтау процесінде машиналар мен жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, олардың қауіпсіздігімен шарттасатын техникалық сипаттамаларын сақтау, оның ішінде орауға, тасымалдау мен

сақтауға қойылатын талаптар, тағайындалған сақтау мерзімдері, жай-күйді қайта куәландыру мерзімі бойынша мерзімдер жөніндегі нұсқаулар, сақтау мерзімі өткен жекелеген элементтерді, бөліктерді, тораптарды ауыстыру машина мен жабдыққа арналған техникалық құжаттамада көзделуі тиіс.

4. Машиналар мен жабдықтарды тиеуді, түсіруді, тасымалдауды және қоймалауды оқытылған персонал қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, жүргізуі тиіс.

13-бап. Машиналар мен жабдықтарды нарықта орналастыру және ондағы айналымы кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Қазақстан Республикасында өндірілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін машиналар мен жабдықтар егер олар адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін болса нарықта сатылмауы тиіс.

Машиналар мен жабдықтар туралы жарнамалық өнімдер және өзге ақпараттар олардың қауіпсіздігі мен функционалды мақсатына қатысты, олардың тиісті орнату, қызмет көрсету, пайдалану, сақтау, кәдеге жарату, жою кезінде тұтынушыларды адастыруға алып келмеуі тиіс.

2. Өндіруші (уәкілетті өкіл), ал олар жоқ болған жағдайда сәйкестікті растауға жататын машиналар мен жабдықтарды Қазақстан Республикасының нарығында орналастыратын адам олардың осы Заңның және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

3. Олардың осы Заң талаптарына және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерге сәйкестігін куәландыратын құжаттары жоқ машиналар мен жабдық нарықта орналастырылуға және айналымға жатпайды.

4. Егер, сәйкестік белгісімен таңбаланған машиналар мен жабдықтар немесе сәйкестікті растау саласындағы құжатпен жіберілетін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін компоненттер адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіпсіздік төндірсе машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган нарықтан алуды, нарыққа орналастыруға және пайдалануға беруге тыйым салуды қоса алғанда, қауіп-қатерді басқару жөніндегі шараларды қабылдайды.

5. Мұндай шектеулерді енгізу туралы шешімді қабылдаған мемлекеттік орган мұндай шешімдерді қабылдаудың негіздемесін, сондай-ақ оған шағымданудың тәсілдері мен мерзімдерін мүдделі тараптарға дереу хабарлауы тиіс.

6. Басқа машинаға орнатуға арналған және жеке жұмыс істей алмайтын жабдықтар машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы техникалық регламентте белгіленген нысан бойынша өндірушінің декларациясымен қамтамасыз етілуі тиіс.

14-бап. Машиналар мен жабдықтарды монтаждау, пайдалану және жөндеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптар

1. Машиналар мен жабдықтарды монтаждауды, пайдалануды және жөндеуді жүзеге асыру кезінде машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің, жүйеге арналған жобалау құжаттамасының және машиналар мен жабдықтарға арналған пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарының орындалуы қамтамасыз етілуі тиіс.

2. Машиналардың немесе жабдықтардың конструкциясына өзгерістерді енгізу кезінде олардың техникалық құжаттамасында белгіленген қауіпсіздік жөніндегі талаптар төмендетілмеуі тиіс.

3. Машиналарға немесе жабдықтарға жөндеуді жүзеге асыратын тұлға өндіруші техникалық құжаттамада белгілеген машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жобада айқындалған барлық шаралар кешенін орындауға міндетті.

4. Машиналарға немесе жабдықтарға монтаждау немесе жөндеу жүргізілгеннен кейін оператор (персонал) машиналар мен жабдықтардың қауіп-қатеріне бағалауды жүргізуі тиіс.

Жобалау құжаттамасында көзделген қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтін жөнделген машиналар мен жабдықтар үшін технологиялық процестер мен бақылау жүйесін ескеріле отырып, машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде қабылданған қауіп-қатерлердің мәнін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар әзірленуі тиіс.

15-бап. Машиналар мен жабдықтарды нарықтан алып қоюға, оларды кәдеге жаратуға немесе жоюға қойылатын талаптар

1. Адамдардың өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіп төндіретін немесе осы Заңмен белгіленген қауіпсіздік және машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін қауіпті машиналар немесе жабдық өндіріс процесінен және айналымнан алып қоюға жатады.

Қауіпті машиналардың және (немесе) жабдықтардың иесі машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы осы Заңмен және техникалық регламенттермен белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігін тапқан сәттен бастап немесе машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың нұсқамасы негізінде оны өндіріс процесінен және (немесе) айналымнан дереу алуға міндетті.

2. Егер, қауіпті машиналар мен жабдықтардың иесі оларды өндіріс процестерінен және (немесе) айналымнан алу жөнінде шаралар қабылдаса, мұндай машиналар мен жабдықтар осы Заңның 6-бабы 7-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте алып қоюға жатады.

3. Өндіріс процесінен, айналымнан алынған машиналар мен жабдықтар Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіпте жүргізілетін тиісті сараптамадан өтуге жатады. Сәйкессіздік расталған кезде сараптама нәтижелері бойынша машиналар мен

жабдықтарды кәдеге жарату немесе жою туралы шешім қабылданады.

4. Шығу тегі белгісіз және адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін машиналар мен жабдықтар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сараптама жүргізбей-ақ алып қоюға және жоюға жатады.

5. Машиналар мен жабдықтарды олардың жаңа атауымен мақсаты бойынша пайдалану тек мемлекеттік органдардың тиісті қорытындысын ала отырып, машиналар мен жабдықтардың Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін растайтын сараптаманың нәтижелері бойынша мүмкін болады.

6. Қауіпті машиналар мен жабдықтарға сараптама жасауға, тасымалдауға, кәдеге жаратуға немесе жоюға арналған шығыстарды олардың иелері төлейді.

7. Кәдеге жаратуға, жоюға жауапты тұлғалар машиналар мен жабдықтарды осы Заңның және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес пайдаланудан шығаруды қамтамасыз етуі тиіс.

8. Машиналар мен жабдықтарды пайдалануды тоқтатқаннан кейін оларды пайдаланудан шығару, кәдеге жарату және жою кезінде:

1) оларды рұқсатсыз пайдалануды болдырмау үшін шаралар қабылдануы тиіс;

2) пайдалану кезінде уытты заттармен, радиоактивті аэрозолдармен ластанған машиналар мен жабдықтар қолданатын зиянды заттардың уытты, физикалық-химиялық қасиеттеріне қарай арнайы қоспалармен (тәсілдермен) зарарсыздандыру бойынша міндетті өңдеуден өтуі тиіс;

3) машиналар мен жабдықты кәдеге жаратудың, жоюдың барлық кезеңдерін өткізетін персоналдың тиісті біліктілігі болуы, тиісті оқытудан өтуі және еңбек қауіпсіздігінің барлық талаптарын сақтауы тиіс.

3-тарау. Сәйкестікті растау рәсімдері

16-бап. Сәйкестікті растау

1. Машиналар мен жабдықтардың сәйкестігін растау техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Шетел мемлекеті берген сәйкестікті растау саласындағы құжат егер, халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе, техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін оның тануы шартымен Қазақстан Республикасында жарамды деп саналады.

17-бап. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттер

Машиналар мен жабдықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық регламенттер машиналар мен жабдықтың қауіпсіздігінің ең аз қажетті талаптарын, сәйкестікті бағалау рәсімін, сәйкестік пен техникалық құжаттар туралы өндіруші декларациясының нысандары мен мазмұнын, олар үшін сертификация талап етілетін машиналардың қауіпті түрлерінің тізбесін, сәйкестік белгісін таңбалауға талаптарды,

машиналар мен жабдықтар туралы Ережені және осы Заңмен және техникалық регламентпен белгіленген талаптарға сәйкестік презумпциясы үшін негіздеме болып табылатын нормативтік-құқықтық құжаттама және үйлестірілген стандарттардың тізбесін белгілейді.

Өндіруші (уәкілетті өкіл) машиналар мен жабдықтар өндірілген сәттен немесе жаппай өндірілген жағдайда машиналар мен жабдықтардың соңғы данасы өндірілген сәттен бастап 10 жыл бойы нормативтік-техникалық құжаттаманы сақтауға міндетті.

4-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

18-бап. Машиналар мен жабдықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік

Машиналар мен жабдықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгіленген жауапкершілікте болады.

19-бап. Өтпелі ережелер

1. Машиналар мен жабдықтарға және адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін олардың өмірлік кезеңіне қауіпсіздік талаптарын белгілейтін тиісті техникалық регламенттер мен олармен үйлестірілген стандарттардың күшіне енуіне дейін мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Заңға қайшы келмейтін бөліктегі өзге де нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Техникалық регламенттер мен олармен үйлестірілген стандарттарды қолданысқа енгізгенге дейінгі шара бойынша қайталайтын немесе оларға сәйкес келмейтін қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мен өзге де нормативтік актілер жоюға жатады.

2. Осы Заң күшіне енгізілгенге дейін шығарылған және пайдалануға енгізілген машиналар мен жабдық үшін олардың сәйкестігін растайтын құжаттар оларда көрсетілген қолданылу мерзімінің ішінде күшін сақтайды.

3. Осы Заң күшіне енгізілгенге дейін пайдалануға берілген және сәйкестіктің міндетті растауына жататын машиналар мен жабдықтар үшін осы Заң күшіне енгізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының аумағында олардың еркін айналымға қайта түсуі кезінде техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай сәйкестікті міндетті растау жүргізілуі тиіс.

20-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң ол ресми жарияланған күнінен бастап алты айдан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК